

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ ТАРИХИ – ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ФАКТОР

Шаяхметов Н. У.,

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

Қазақ халқы - табиғатпен, қоршаған әлемімен үйлесімді өмір сүрген халық. Сондықтан да қазақ халқының мәдениеті мен тарихын танып білу үшін, ең алдымен, оның географиялық ортасымен және табиғи - климаттық жағдайымен жете танысу қажет. Тарихи таным үдерісінде зерттеуші-ғалымдар тарихи географиялық әдіске көп көңіл бөле бермейтіні байқалады. Отан тарихына арналған оқулықтар мен ғылыми еңбектерде қазақ жері кеңістігінің тарихи географиясына, яғни, табиғи-климаттық ерекшеліктердің, қоршаған географиялық ортасы мен экожүйесінің осы кеңістікті мекендейтін халықтың өмір салтына, шаруашылық жүргізу тәсіліне, дүниетанымы мен менталитетіне ықпалы туралы ғылыми талдаулар аз. Оның ең басты себебін тарихи географиялық мәліметтерге тарихи дерек ретінде жете маңыз берілмеуінде деп ойлаймыз. Оны қоғам дамуының барлық кырларын қоғамдық ғылымдарда үстемдік еткен маркстік формациялық теория бойынша таптық күрес шеңберімен шектеудің салдарымен түсіндіруге болады. Дегенмен, адамзат тарихының алғашқы дәуірлеріне арналған зерттеулерде тарихи географиялық деректер қандай маңызды роль атқарса, бүгінгі күні де адамзат қоғамы мен табиғат, қоршаған орта арасындағы арақатынас тарихи даму факторларының бірі ретінде маңызын жойған жоқ. Керісінше, тарихи танымдағы өркениеттік өлшемдер теориясы бойынша қоғам дамуына әсер етуші құбылыстардың бірі ретінде географиялық фактор танылады.

Мәселен, Шоқан Уәлиханов өзінің еңбектерінде адамзат қоғамының дамуына қоршаған табиғи ортаның тигізетін әсерін аса маңызды фактор ретінде қарастырады. «Қытай империясының батыс өлкесі және Құлжа қаласы (1856 жылғы Құлжаға саяхат күнделігі)» атты еңбегінде ғалым: «...Тауда өмір сүрген соң жайдары, бейқам халық бола қою қиын. Керенау-жалқаулықтың қадірін тек сахаралықтар ғана бағалай біледі, тек сахаралықтар ғана келешекті ойламай, қайғы, қасіретсіз өмір сүре алады... Тек сахаралықтар ғана уайымсыз, көңілі шат жүре алады. Рахат тыныштықты бағалай біледі» деп, табиғи орта мен географиялық кеңістіктің әр халықтың менталитетіне, дүниетанымына шешуші әсері болатынын ерекше атап көрсеткен. Шын мәнісінде, географиялық фактор, яғни ұшы-қиыры жоқ дархан дала қазақ халқының

көшпелі мал шаруашылығымен түбегейлі айналысуына алғышарт жасағаны белгілі. Ал, көшпелі мал шаруашылығының немесе қысы-жазы тебінде жүретін малдың салыстырмалы түрде көп еңбекті қажет етпейтіні де түсінікті. Бұл жерде Ш.Уәлиханов «керенау-жалқаулықты» тек қазақ халқына қатысты айтып тұрған жоқ, «сахаралықтар» деп жалпы көшпелі халықтарға қатысты айтылған пікір деп ойлаймыз. Сондықтан да, Шоқан «керенау-жалқаулықтың» сырын еуразиялық кеңістікте ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі өмір салтынан іздейді. Ол ойын одан әрі былайша негіздеген: «...Тауда шынықса шеркестер шынығады, таудан тәрбие алады. Шеркес дүниеге келісімен-ақ табиғатпен арпалыса бастайды, оның әрбір қадамының өзі қауіпті. Жан-жағының бәрі түнерген мылқау құздар, төменде әлденендей бір долы Терек ақ көбік атып, тасты тасқа соғып, бұрқана тасып, гүрілдеп жатады. Шеркестің тағылым алар ұстазы осылар. Өнегесі қандай! Дәу күшіген өлікті қанын сорғалата жұлқылап, жырттып жатады, жыртқыш қаршыға дәрменсіз қырғауылға тап берсе, бүркіт келіп оның олжасын тартып алады. Аю мен жолбарыс бүкіл орманды үркітіп, байғұс бұғыларға тыным бермей қуып, лаң салып жүреді.

Сахаралықтар отырған жердің бұдан көркі де басқа, табиғаты да басқа. Онда құдайдың құстары да, аңдары да дарқан, қаннен-қаперсіз, еркіншілікте күн кешеді. Кең арналы өзеннің, не әлде айдынды шалқар көлдің жайымен ағып жатқан мөлдір суында мамырлап жүзген үйрек пен аққу-қаздар қаңқылдап, жарастықты татулықпен қиқу салып, у-шу болып жатады. Ешкім ешбір жанға кесірін тигізбейді»[1]. Бұл жерде Ш.Уәлиханов географиялық орналасу жағдайына сәйкес отырықшы халықтардың қоршаған ортасын өзгертуге, өзіне икемдеуге бейім болатынына, ал көшпелі халықтардың табиғатпен үйлесімде өмір сүретініне ерекше назар аудартады. Сонымен қатар, Ресейдің тарихи даму ерекшеліктеріне тоқтала келе В.Ключевский Ресейдің Еуропа елдерімен салыстырғандағы басты ерекшеліктерін бірінші кезекте табиғи-климаттық жағдайы мен географиялық ортасынан іздеу керек деген пікірін білдірген: «Тарихи тұрғыда Ресей, әрине, Азия емес, алайда географиялық тұрғыда ол Еуропаға жатпайтыны да белгілі. Ол өтпелі, яғни екі әлемді жалғастырушы ел болып табылады. Мәдени тұрғыда алғанда Ресей Еуропамен тығыз байланысты, алайда Ресейдің табиғаты оған өзіндік ерекшелік беріп және ықпал етіп, оны үнемі Азияға жақындатады немесе Азияны Ресейге жақындатып тұратын»[2]. Бұл ерекшеліктер бірінші кезекте оның климатына тікелей қатысты еді. Өйткені Батыс және Орталық Еуропаға қарағанда Ресейдің климаты континентальді климат болып келеді. Ал, ол өз кезегінде шаруашылықта да, күнделікті тұрмыс тіршілікте де қосымша еңбек пен қосымша материалдық шығындарды қажет ететін-ді. Біріншіден, Еуропамен салыстырғанда қыста малды қорада ұстау ұзағырақ болды. Ол қосымша мал азығын көбірек

дайындауға мәжбүр етті; екіншіден, Ресейде қыста тұрғын жайларды жылылауға, жылы киім дайындауға қосымша материалдық ресурстар қажет болды; үшіншіден, Ресейде ауыл шаруашылық жұмыстары 5 – 6 ай көлемінде ғана жүргізілсе, Еуропада ол 8 айды құрады. Міне, осындай табиғи-климаттық және географиялық факторлар халықтың байлығы мен дәулетінің қордалануына немесе қосымша шығын жұмсауға ықпал етті және қоғамның дамуын тежеген немесе ілгері жылжытқан факторлар болды[3].

Ғылыми зерттеулерінде тарихи географиялық деректерге жете көңіл бөлген Л.Н. Гумилев те табиғат пен қоршаған орта факторларының халықтардың тарихи тағдырында маңызды орын алатынын ерекше атап көрсетеді. Мысалы, ғалымның пайымдауы бойынша, Орталық Азия көшпенділері Қытай, Иран сияқты елдердің мәдениетіне мүлде ұқсамайтын, өзіндік мәдени құндылықтар қалыптастырған. Ғұндар, түріктер, моңғолдар көшпелі мал шаруашылығына негізделген тұрақты өмір салтын, өзіндік техникасын, өзіндік әдебиеті мен мемлекеттілігін қалыптастырғаны белгілі. Бірақ та үнемі қытайлықтармен тығыз қарым - қатынаста болған көшпенділер олардың не жазуын, не әлеуметтік институттарын, не әдет-ғұрыптарын мен салт-дәстүрлерін қабылдамай, өзіндік ерекшеліктерін сақтап қалды. Көшпенділердің этнографиялық өзіндік ерекшеліктерінің сақталып қалуы ең алдымен, олардың далалық ландшафтқа бейімделген шаруашылық жүргізу әдісіне байланысты болғанын атап көрсетеді[4].

Қазақ халқы XX ғасырдың 30-жылдарына дейін жартылай көшпелі өмір салтында болып, негізінен көшпелі мал шаруашылығымен айналысқаны мәлім. Бұл жағдайды ғалымдар қазақ халқының экономикалық жағынан, мәдениет пен өнерден, ғылым мен білімнен артта қалуына бірден бір себеп болған құбылыс ретінде қарастырып келгені де белгілі. Көшпелі өмір салты мен көшпелі мал шаруашылығы қоғам дамуын тежеуші құбылыс ретінде санамызға сіңірілді. Бірақ та, әрбір халықтың өсіп өркендеуі үшін, мәдениеті мен ғылымының дамуы үшін отырықшы өмір салтының шешуші маңызы бар екені даусыз. Дейтұрғанмен, осынау көшпелі өмір салты мен көшпелі мал шаруашылығының заңдылықтарына тереңірек зерделей қарайтын болсақ, ол қазақ халқының ұлт ретінде сақталып қалуына мүмкіндік жасаған бірден бір шешеуші фактор болды. Бүгінгі күнге жеткен, тәуелсіз елге айналған қазақ халқы көшпенділік дәстүрін сол кезеңге дейін сақтап келген ата-бабаларының алдында қарыздар деп ойлаймыз. Өйткені, отарлық жүйеде, отарлық саясат үстемдік құрып отырған қоғамда ұлттың өзін-өзі сақтап қалудың ең тиімді жолдарының бірі осы көшпелі өмір салты мен көшпелі мал шаруашылығымен айналыса беру болатын. Әскери техникасы күшті империялық мемлекеттің жойқын күшіне төтеп берудің

басқа жолы жоқ-тын. Мәселен, XX ғ. басында «Қазақ» газетінің төңірегіне біріккен Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Р.Мәрсеков сынды т.б. ұлт зиялылары отырықшы мәдениеттің көшпелілік өмір салтынан артықшылығын ұғына отыра, отырықшылыққа бірден емес, эволюциялық жолмен жетуді уағыздап, патша үкіметінің отырықшылық саясатының отарлық саясатпен астасып жатқандығына халықтың көзін жеткізуге тырысты. Ұлт зиялыларының патша үкіметінің қазақ халқына ұсынған отырықшы нормаға, отырықшылық саясатына қарсы шығуының себебі - қазақ жері мен ұлтының болашақта болу не болмауы мәселесінің, яғни, мемлекеттілік мәселесінің жерге байлаулы екендігін терең зерделей алуынан болатын. Сол тарихи кезеңдегі отарлық жүйеде қазақ мемлекеттілігінің жұрнағын сақтап қалудың бірден бір жолы - көшпенділік өмір салтын сақтап қалу екеніне көздері жетті. Және де отарлық саясатқа қарсы тұрудағы бұл ойдың тереңдігін кейінгі большевиктік отырықшыландыру саясатының қазақ халқы үшін орны толмас трагедияға әкеп соқтырған іс шаралары көрсетіп берген еді.

Кеңестік дәуірде де қазақ зиялылары дәстүрлі шаруашылық дағдысы мен әдіс-тәсілдерін түбегейлі өзгертуге қарсы болып, көшпелі мал шаруашылығынан отырықшы шаруашылыққа көшудің ең лайықты жолдарын негіздеп берген-ді. Мысалы, Телжан Шонанұлы өзінің «Қазақ жер мәселесінің тарихы» деген еңбегінде: «Қазақты жерге орналастырып, отырықшылыққа айналдыруға, әрине, көп жылдар, көп күш керек. Бірақ солай екен деп, енді қазақты қоныстандырмауға, отыруына қам қылмауға болмайды. Бірақ та адамдар отырықшы дегенді тек егін кәсібін қылу деп, көшпелі елді тек мал асырау кәсібі деп түсінеді. ... Басқа елдің тарихы, тұрмысы, шаруасы көрсетеді - отырықшы болу мен егін салудың екеуі әрқашан қол ұстасып бірге жүретін егіз құбылыстар емес екендігін. Отырықшы болып тұрып та егін салмай, мал бағып кәсіп етудің тиімділігі бар.... Өзі отырықшы, өзі Еуропаның ең мәдениетті елі Швейцарияның кәсібінің негізі - мал бағу. Оның себебі - Альпі тауларындағы (Альпі таулары - Еуропадағы ең биік таулар) жайылым мен тоғайлық егін салғаннан да мал бағуға қолайлы. Австралияда (Австралия деген жердің 5 бөлігінің бірі) таза отырықшы ел бар, бірақ мал бағады» деп, қазақ халқы үшін ең тиімді эволюциялық жол мен дамудың кепілі болатын жолды айқындап берген еді[5]. Өкінішке орай, тоталитарлық билік өзінің табиғатына тән зорлықты жолды таңдады. Кеңестік дәуірде күштеп отырықшылыққа көшірген қазақ халқын қонысынан да, тілінен де, дінінен де айыру кеңес үкіметі үшін көп қиындық туғыза қойған жоқ. Сол себепті де көшпенділік өмір салты қазақ халқының тағдырында өзінің тарихи миссиясын толық орындаған құбылыс деп айта аламыз. Бұл жерде автор тарапынан көшпенділік өмір салты мен көшпелі мал шаруашылығын насихаттап отыр деген пікір қалыптаспауы керек.

Дегенмен, бүгінгі ғаламдану дәуірінде, жаппай урбанизация заманында қазақ халқы өзінің елдігі мен ұлттық ерекшеліктерін сақтап қалуы үшін ғасырлар бойы қалыптасқан, терең дәстүрі мен жинақталған тәжірибесі бар ауыл шаруашылығын дамытуға Қазақстан үкіметі ерекше көңіл бөлу керек деп ойлаймыз. Ауыл шаруашылығын дамытуға баса назар аударудың екінші қыры – бұл сала елдің экономикалық қауіпсіздігінің кепілі бола алады. Өйткені, еліміздің экономикалық қауіпсіздігіне әлемдік саясатқа, әлемдік нарық пен қаржы жүйесіне тәуелді өнеркәсіп пен банк жүйесінен гөрі ауыл шаруашылығы негіз бола алатынын тарихи тәжірибе көрсетіп бергені мәлім.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Уәлиханов Ш. Таңдамалы.- Алматы: «Жазушы», 1985, 560 бет (348 б.)
2. Ключевский В.О. Курс русской истории. Ч.1 // Соч. Т.1. М., 1956, с. 46-47
3. Милов Л.В. Природно-климатический фактор и особенности российского исторического процесса // «Вопросы истории», 1992, № 4-5
4. Гумилев Л.Н. Этносфера: история людей и история природы.- М.: ООО «Издательство АСТ», 2004.-575 с. (с.142)
5. Телжан Шонанұлы. Жер тағдыры - ел тағдыры. 2-басылуы.- Алматы: «Санат», 1995, 224 бет (198 б.)

Özet

Bu makale Vatan tarihindeki tarihi coğrafinin sorunlarıyla ilgilidir. Araştırma tarihi coğrafinin metotları tarihi gelişimindeki zaman ve saha kurallarıyla birlikte incelemeye imkan kazandırmaktadır. Çeşitli tarihi coğrafik araştırmalarını ele alarak toplumun tarihi gelişme özelliklerini açığa kavuşturabiliriz. Bununla birlikte makalede çağdaş vatan tarihindeki güncel sorunların biri olarak tarihi coğrafinin gelişmesinin istikbali söz konusudur.

РЕЗЮМЕ

Данная статья посвящена проблемам исторической географии Отечественной истории. Историко-географические методы исследования дает возможность учитывать не только временные, но и пространственные закономерности в развитии исторических процессов. Привлекая разнообразные историко-географические источники, можно раскрывать особенности исторического развития человеческого общества. В статье также рассматриваются вопросы исторической географии как одного из актуальных направлений в современной отечественной историографии.

SUMMARY

This article is dedicated to the problems of historical geography the History of Homeland. Historical - geographical approach gives an opportunity to consider not only temporal but spatial regularities of the development of historical processes. Consider reveals peculiarities of historical development of the region drawing into diverse historical - geographical sources. Also it examines questions of historical geography as one of the explored issues of the day in native historical geography.

Тіл мәдениеті дегеніміз- сөйлеудегі, жазудағы сыпайылық, ізеттілік қана емес, сонымен қатар айқын ойлылық, сөзді дәл айту шеберлігі, сөйлеу өнеріне шыныққандық, сауаттылық.

І.Кеңесбаев